

АЛАШ ЗИЯЛЫСЫ МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ «ОЯН, ҚАЗАҚ!» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

¹Ү.Қ. Сәрсембин, ²Қ.Б. Ахметова

АНДАТПА

Мақалада алаш зиялысы Міржақып Дулатұлының рухани мұраларындағы әлеуметтік философиялық мәселелер қарастырылған. Барлық кезде де ұлт зиялыларын ортақ практикалық мәселеге шоғырландырып отырғаны ұлттың болашағына қатысты мәселе екендігі белгілі. Барлық елдердің тарихында да солай болған. Автордың пайымдауынша, бүгінгі қоғам мен адам мәселесін зерттеуде ескеруді қажет ететін нәрсенің бірі, осы алаш зиялылары көтерген ұлт мәселесі. Олардың тәжірибесінде ұлт болашағына қатысты мәселелер, құндылықтар қалай зерделеніп, жолға қойылған болса, бүгін де сол із қазақ қоғамында жалғасуы керек. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» шығармасындағы барлық мәселелер негізгі мәселе ұлт мәселесін шешуге бағытталған. Ұлт пен тұлға барлық кезде де бір-бірімен тығыз байланысты, қоғамдағы әлеуметтік проблемалар қай кезде де ұлт мәселесінен тысқары кетпеген.

Түйін сөздер: ұлт, мемлекет, ел, қоғам, ұлттық идея, ұлттық бірегейлік, өнер, еркіндік.

¹ Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

² С. Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Сәрсембин Ү. Қ.,
Sarsembin82@bk.ru

Мақаланың сілтемесі:
Сәрсембин Ү.Қ.,
Ахметова Қ.Б. Алаш зиялысы
Міржақып Дулатұлының «Оян,
қазақ!» шығармасындағы ұлт
мәселесі // Адам әлемі. – 2025.
– №4 (103). – Б. 51-56.

Проблема нации в произведении Алашского интеллигента Мирзакипа Дулатова «Оян, Қазақ!»

Аннотация. В статье рассматриваются социально-философские вопросы духовного наследия одного из представителей интеллигенции Алаш, Мирзакипа Дулатова. Известно, что интеллигенцию Алаша объединяла общая практическая проблема – будущее нации. Аналогичные вопросы встречались в истории всех стран. Автор считает, что одна из проблем, которую необходимо учитывать и при изучении современных проблем общества и человека – это вопрос нации, затронутой Алашской интеллигенцией. Как в их практике ставятся и изучаются вопросы, ценности будущего нации, так и сегодня этот путь должен продолжаться в казахском обществе. Все вопросы в произведении Мирзакипа Дулатова «Оян, қазақ!» направлены на решение проблем нации. Нация и личность всегда были тесно связаны и все социальные проблемы не выходили за рамки проблем нации.

Ключевые слова: Нация, государство, страна, общество, национальная идея, национальная идентичность, искусство, свобода.

The problem of the nation in the work of Alash intellectual Mirzhakip Dulatov, «Oyan, Kazakh!»

Abstract. The article deals with the socio-philosophical issues of the spiritual heritage of one of the representatives of the intelligentsia of Alash, Mirzhakip Dulatov. It is known that the intelligentsia of Alash was united by a common practical problem – the future of the nation. Similar questions have been encountered in the history of all countries. The author believes that one of the problems that must be taken into account when studying modern problems of society and man is the issue of the nation affected by the Alash intelligentsia. As in their practice, questions and values of the future of the nation are raised and studied, so today this path should continue in the Kazakh society. All the questions in the works of Mirzhakip Dulatov «Oyan, Kazakh!» are aimed at solving the problems of the nation. The nation and the individual have always been closely linked and all social problems have not gone beyond the problems of the nation.

Key words: Nation, State, Country, Society, National Idea, National Identity, Art, Freedom.

Кіріспе

Өткен ғасырдың басында өмір сүрген алаш зиялыларының арғы жағында ел, халық, тарихтағы қазақ батырларының, билер мен жыраулардың, діни тұлғалардың тағылымының тұрғандығы анық. Патша заманында жүргізілген отаршылдық саясаттың зардабы, осындай біртуар талант иелерінің қоғам алдына шығуына тікелей себеп болып отырған. Міржақып Дулатұлының өлеңдерінде айтылған-

дай, ұлттың тарихи санасын күшейтуде қоғамға осындай нағыз зиялылар қажет еді. Осыны ерте түсінген бабаларымыз болашақта (уақыттың қиындығына қарамастан) ұлттың тағдырына ара түсетін (заманның жаңа дүниелерін қоғамына түсіндіре алатын, ой-өрісі кең адамдарды қалыптастыратын) құндылықтарды тарихта қалдырып отырған. «Алаш», «Қазақ» идеясының негізінде де барлық ұлтқа тиесілі құндылықтардың қоғамдық ой биігінде зерделеніп, ұрпаққа насихатталып отырғандығын көресің.

Алаштың дүниесін, алаш зиялыларының тағылымын зерделеуде өзге де ұлт тұлғаларының қатарында Міржақып Дулатовтың идеялары ерекше көзге түседі. Қазақ хандарының заманында қазақ қоғамының ішкі құрылымын сақтап отырған тұлғалар институты болса (хандар мен батырлардың, билер мен жыраулар), бұлардың барлығы хандық билік қасақана жойылғаннан кейін әлсірей бастаған. Осының салдарынан бар міндет байлар мен діни тұлғаларға жүктелді. Патша заманындағы қазақтың байлары болыс, сот қызметтерінде жүріп халықтың ішкі тұтастығын сақтауға барынша күш салған еді. Бұлар байлайша айтқанда елдің ішкі тұтастығын барынша қорғап отырған адамдар болған. Философ, ғалым Ағын Қасымжанов жазғандай, «Қазақтардың ұлттық сезімі оянар алдындағы кезеңде, яғни қазақтардың кеңес дәуірінде өмір сүру кезеңінде, олардың ұлттық тұтастығы, өзіндік белгілері, тілінің сақталып, дамытуға мүлде жағдай болмады...» [1, 87 б]. Ұлт, әсіресе оның мемлекеті сақталуы үшін бірінші кезекте мүддесі қорғалуы қажет. Барлық кезде де ұлттық мүддені қорғайтын көзі ашық, көкірегі ояу, адамгершілігі мол адамдар. Ал елдің өз билігі қолынан кеткен уақытта бұндай міндеттердің халықтың өзіне жүктелетіні анық.

Патша заманындағы қазақтың байлары, діни тұлғалар тәуелсіздікке қайта қол жеткізген уақытта қоғамға қажет нәрсе ұлттық құндылықтар, оларды сақтап қалудың жалғыз жолы дінді, жерді, елдің болмысын таза ұстау деп түсінген. Мәселен Мәшһүр Жүсіп Көпеев өзінің «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде XIX ғасырдың аяғында қажылыққа барған қазақтың байлары мен діни тұлғалары жөнінде жазады. Бұнда Абайдың әкесі Құнанбай қажы бастаған ірі тұлғалардың есімдерімен қатар, ұлттық мүдде жолындағы қызметтері де баяндалған [2, 9 б]. Осындай ізгілігі мол кісілердің ел игілігі жолындағы қызметтерінің нәтижесінде қазақ зиялыларының жаңа буын өкілдерінің қалыптасқандығы белгілі. Ұлт зиялыларының арқасында ұлт мәселесі дұрыс жолға қойылып, оңтайлы шешімдері қарастырылып отырған.

Кез келген қоғам өз жолымен дамуы үшін ең әуелі оның идеясы, ортақ ұстанымы болуы шарт. Тарихи тәжірибеге сүйенген стратегиясы бар, жалпыға ортақ өзіндік санасы қалыптасқан қоғам барлық қауіп қатерге төтеп беріп отырады. Алаш зиялылары да бұған қатысты көптеген ойларын жазып кеткен. Соның бірі ретінде 1913 жылы «Қазақ» газетінің бірінші санында: «Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету қазақ баласына міндет. Халыққа қызмет етемін десеңдер, азаматтар, тура жолдың бірі осы. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенін ғұмыр жеткенінше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік...» - деп жазған сөздерін айтуымызға болады [3,

1 б]. Тәуелсіздіктен қол үзгенімен өзіндік санасы тарихи жады негізінде күшейіп отыратын халық түбі оны қайтарып алады. Сондықтанда өзіндік сана, соның ішінде ұлт, адам мен қоғам мәселесі философия мен әр халықтың тарихында ерекше көзге түсіп отырған.

Әдіснама

Мақалада дәстүрлі түрдегі философиялық әдістер, атап айтсақ жекеден жалпыға қарай өту әдісі, тарихи негізде салыстырмалы талдау әдістері негізге алынды. Сонымен қатар герменевтикалық, феноменологиялық әдістер мен тәсілдер кеңінен қолданылды. Мәселеге жан-жақты көңіл бөлуде жүйелілік, тарихилық принциптері негізге алынды.

Негізгі бөлім

Қоғамға қажет нәрсе әуелі оның адамының ішкі әлеміне, соның ішінде санаға қажет. Адамға қажет нәрсе де солай, әуелі қоғамға қажет. Кез келген әлеуметтік құбылыс адам болмысынан тысқары жүре алмайды. Адамның іс-әрекетімен байланысып отырады. Осы себепті «Оян, қазақ!» идеясы негізінде алаш зиялысы қазақ қоғамына қажет, қоғамның алдында тұрған мәселелерді, бұны шешудегі жаңа міндеттерді көрсеткен. Бұл елдің болашағына қатысты, ұлттық мүдде талабынан туған дүние. Бұндай дүниені шығару үшін де жігер, білім, тәжірибе мен мінез қажет. Сол кездегі халықтың көрген қиыншылығын көзбен көріп, оған әділ баға берген адам қана бұндай шығарманы жаза алады. Әрине өзінің жеке басының қамы үшін жүрген адамға ел жағдайы, ұлт болашағы деген түсінік алыс жатуы мүмкін. Ал алаш зиялыларына бұндай нәрселер (ел, ұлт болашағына қатысты мәселе) әуелден ақ белгілі еді. Өйткені олардың өздері ғана емес, ел-жұрты да сол қиындықты көрді. Қиындықты көріп жатқан халықтың ішінен өздері шықты. Сол себептен алаш зиялыларының рухани мұраларын, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының «Маса» жинағы, Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағын жай дүние деп қарауға келмейді. Бұлар қоғамның өзіндік санасын дұрыс қалыптастыру үшін үлкен ізденістің нәтижесінде үлкен еңбекпен жазылған шығармалар. Бұл шығармаларда ұлт мәселесі қозғалған және оны шешуде қоғамның өзіндік санасына, болмысына қажет нәрселер дұрыс түйінделген. Бұлар философиялық мәнге ие шығармалар. Алаш тұлғаларының рухани мұраларының философиялық мәнге ие болуы себебі көп, тіпті әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ барлығының та тарихи мәнге ие болуы себебі, түпкілікті мәні бір. Бұлар қоғамның қажетіне қызмет ететін, ел алдына қойылып отырған мәселені дұрыс шешетін бағыт, білім, тәжірибе мен идеяны қатар ұсынып отыруында. Ұлттық идеяны қоғамға ұсынудағы мақсат халықтың

бірлігін, елдікті, ұлтқа қызмет ету ісінің артықшылығын насихаттау болған. Міржақып Дулатұлының өзі 1929 жылы «Ұрпаққа хат» деген мақаласында ұлт мәселесін қозғау себебін былай деп жазған еді: «Қазақ халқы тап осындай күңгірт өмірде өлместің қамымен жүріп жатқан кез. Ақ патшаның отарлау өмірі аз халықты қаратабан етіп, жерге қаратып, жұтып бітсе, сарайдағыларды алтынға малып, аруағын зау биікке көтере түсті. Осылардың бәрін көріп-біліп, сезіліп өскен байғұс басым өзімнің тақұл-тұқыл білімімді осынау қорланған, намысы тапталған, мүсәпір болған халқыма бағыштып, қол ұшымды беруді перзенттік парызым деп санадым. Ол жылдарда бізде жазба әдебиет жоққа тән еді, ал мерзімді басылым болмады. Не істеу керек? Ойлана келе, баспасөзде үн көтеруді жөн санадым. 1910 жылы «Оян, қазақ!» деген атпен өлең кітапшам жарық көрді. Аз уақыттың ішінде бұл екі мәрте басылып үлгерді» [4, 8 б.]. Бұндай шығарманы жазып шығару бір басқа, оны халықтың жылы қабылдап, үлкен сұранысты иеленіп отыруы бір басқа. Қоғамның халықтың болмысы мен өмір сүру тәжірибелеріндегі ерекшеліктерге байланысты қоғамдық сананы нығайту ісі де ерекшеленіп отырады. Соның ішінде бұны терең білу, мәселенің себеп-салдарын дұрыс зерделеу керек. Ұлттың мәселесін зерделеуде де ұрпаққа дұрыс шешімді қабылдатын идеяны, білімді ұсыну оңай емес. Бұл тек тәжірибесі мол зиялылардың ғана қолынан келеді.

«Оян, қазақ!» идеясының тарихи мәні, феномені тереңде жатыр. Шығарма сол кездегі патша саясатының төңірегінде орын алған мәселелермен шектеліп қалмаған. Қазақ халқына бейбіт заманда да ескеруі тиіс нәрселерді де насихаттаған. Мәселен елдік пен бірлік, ар-ұят, намысшылдық, шыншылдық пен әділеттілік, білім, іскерлік барлық заманда да қоғамға қажет. Азаш зиялысының ойынша мемлекет пен жеке адамды, халықты біріктіріп, өркениеттілікке бастайтын да осы құндылықтар төңірегіндегі ой, көзқарас, ұлттық идея болуы тиіс. Ел мен жер, өнер мен білім, кәсіп пен еңбек, мақсат пен бірлік соның ішінде осы игіліктерге халықты бағыттайтын құндылықтарда қоғамның өзіндік санасының негізіне айналуы тиіс. Халық ел болып жаңа нәрселерге қол жеткізу үшін қоғамының өткен жолына ақылмен мән беріп, есеп беруі тиіс. Бұған тікелей себепші болатын зиялылар. Ұлт зиялыларының білімі мен қызметтерінің негізінде қоғам болмысының рухани тереңдігі сақталады.

Алаш зиялысы Міржақып Дулатовтың өлең-деріндегі әрбір сөзінде терең мағына жатыр:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.

Қалғанша жарты жаңақмен мен сенікі –

Пайдалан шаруаңа жараса, алаш! [5, 23 б.].

Қазақ зиялыларының істеріне кедергі, бөгет болатын нәрселер көп болды. Патша билігінің ісін асыра жалғастырған большевиктер алаш

зиялыларының идеяларына үлкен кедергі жасады. Соған қарамастан барынша ұлттың мүддесін қорғау жолында күш салатынын алаш зиялысы айтып отыр.

Зиялылардың сөзі мен ісі барлық кезде де қажет. Сол кездегі қиын уақытта қоғам алдына шыққан ұлт зиялыларының рухани тұлғасының өзі бір төбе болып қалатынын бүгінгі уақыт көрсетуде. Ұлт зиялыларының идеялары озықтығымен сақталады, оның ішіндегі өз қоғамына керегін алу ұрпақтың міндеті. Бұндай дәстүр барлық елдің тарихында орын алған. Антика мәдениетінде бір қана этика бағытының өзінде он мектеп қалыптасқан. Осы мектептердің алдында Сократ, Платон, Аристотель сияқты ірі философтар жүрген [6, 68 б.]. Адамзат мәдениеті, мемлекет пен халық үшін нағыз ойлау мәдениеті қалыптасқан уақыт. Сонымен бірге бұл өзіне қажет құндылықтарды тегістей қалыптастырып, қорғап отыратын адамдарды қоғам алдына шығарған уақыт. Бұндай тарихи уақытта ұлттың идеясы, құндылықтармен қатар ұрпақты жаңа нәрселерді меңгеруге бастайтын тәжірибелердің де қалыптасатындығы белгілі. Міржақып Дулатұлының рухани мұраларындағы тарихи ойдан түйетініміз тарихи сана, ұлттық құндылықтар, әсіресе оны қоғамға бағыттаудағы принциптер осы негізде қалыптасып отырады.

Елдік қазақ қоғамы үшін де, басқа елдің қоғамы үшін де жалпыға ортақ мән мен құбылысты негіздейтін жалпыға ортақ өзіндік сананың ерекше түрі. Бұндай сана қалыптасып, жетілуі үшін арнайы орта, шынайы тұлғалар қажет. Кез келген адам ел мүддесіне қызмет етуі үшін ізгі қасиеттерді иеленуі керек болса, бұны иеленуде бірінші кезекте көзге түсетіні шынайы сын. Ал алаш зиялыларының танымындағы жаңашылдық ұлттың игілігіне қызмет етуге лайықты болуы тиіс.

Міржақып Дулатов жазғандай, жауап сол: Өткен дәурен қайта келмес,

Қаншама өксігенмен тағдыр көнбес.

Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би

Өткендер келгенмен де орын бермес.

Сөйткенмен, қазақ көшін оңға бастап,

Жүруді өздігінен тағы білмес.

Мейлің көн, мейлің, жыла соңғыларға,

Қайтсын-ай, қамықты-ау деп, көзіне ілмес [5, 8 б.]. Өнер мен білім арқылы келетін жаңа нәрсе елдің бұрынғы нәрселеріне қарсы жүрмейді. Оның бойында қайшылықтар орын алуы мүмкін. Бірақ бұрынғы нәрседен қажет нәрсені ала алатын болса одан қашудың еш қажеті жоқ. Айналып келгенде бұрынғы тәжірибенің де, жаңа қалыптасқан тәжірибенің де бағытталатыны ұлттық мүдде болғандықтан бірін-бірі толықтыра түспек. Алаш зиялылары қоғамына осыны айтты. Міржақып Дулатовтың еңбектерінде де осы мәселе, яғни өркениеттілік, ғылым, халыққа дұрыс білім беру ісі, ауызбіршілік сөз болған. Өкінішке орай бұны

сол кездегі кеңес билігіндегілер түсінген жоқ. Қайткенде де ел мен қоғамды алға жетелейтін іскер адамдарды қудалау басталды. Ақыр соңында ұлтты үлкен шығынға ұшыратты.

Большевиктерге ұлттың идеясы түгіл оның озық білімі де қажет болмады. Пікірі жоқ адамдар қажет болды. Соларды пайдалы деп есептеп, қоғамды бай, кедей деп бөлді. Бұған қазақтың байлары, өзге де көзі ашық көкірегі ояу адамдары көнбеген. Осы тұста Ахмет Байтұрсынұлының айтқан мына бір сөзі есімізге түседі:

Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен?!
Өлген күні апарып тығары – көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындай мен емес бір күнгісім.

Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын,

Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін [7, 19 б.]. Адам дүниеден өткенімен оның сөзі мен ісі өлмейді. Идеяға айналады, ұлттың идеясы шеңберінде ұрпаққа бағыт-бағдар беріп отырады. Аға буыннан кіші буынның күтетіні ар мен намыс. Осы екеуі сақталған қоғамда қалған игі нәрселер де сақталады. Тарихтың да талап етіп, бойында сақтап қалатыны кісілік.

Алаш зиялылары үлгі ретінде көрсетіп кеткендей, ұлттық мүддеге қатысты елдің басын біріктіріп отыратын құндылықтар, әрбір мәдени ұғым өз орнында сақталып, пайдаланылып отыруы керек. Мәселен «ата-мекен» ұғымын зерделейтін болсақ жер мәселесі, жерді пайдаланудағы тәжірибе, ұлт шаруашылығына жауапты тұлғалар тағылымы шыға келеді. Сондықтанда большевиктер ұлтты жоюда алдыменен мәдени ұғымдарды саясиландырып, санадан өшіруден бастаған. Ұлттық жадыдан барлық ұғымдарды жою үшін ұлт зиялылары қудаланған. Ал шын мәнінде олардың бар ойлағаны елді өркеніетке жеткізу, осы жолда қоғамның өркеніеттілігін сақтау болатын. «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес. Кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады» деп айтып кеткен еді Ахмет Байтұрсынұлы [8, 3 б.]

Ұлттық идеяның мақсаты ұлт еркіндігін сақтау, дәріптеу, нығайту немесе қайта қалпына келтіру болып табылады. Осы ұлттық мүддені қалыптастыратын интеллектуалдар қатарын қалыптастыру да ұлттық идеяның негізгі міндетіне жатады. Ал ұлттық идеяға қатысты ұлт еркіндігінің негізінде қоғам мен жеке адамның бәсекеге қабілетті болу мәселесі тағы бар. Алаш

зиялысы үшін «Оян, қазақ!» идеясын ұсынуудағы мақсат қазақ қоғамындағы интеллектуалдар еркіндігін, сол арқылы елдің бірлігін күшейту болған. Ұлттық рух, еркіндікке негізделген сана, бірлік қалай күшейеді? Ең әуелі тарих пен ұрпақ арасында рухани байланыс қиылы болуы керек. Бұның негізгі өнімі тарихи сана, елдік сана. Ұрпақ неден қол үзіп, көз жазып қалды? Нені түгелдеуіміз керек? Осы сынды мәселелердің жеке адамды жалпыға ортақ ұлттың өзіндік санасымен біріктіріп отыратындығын негіздейді. Міржақып Дулатұлының 1918 жылы «Абай» журналында жарық көрген «Алашқа» атты мақаласында айтылған мына бір сөздердің, барлық кезде де халыққа ой салары даусыз. Ұлт зиялысы осы бір қысылтаяң кезде халыққа арнап былай деген еді: «Саналы Алаш!... Мейірімді Алаш! Рулы елің қан жұтып тұрғанда, сен май жұтпа!»

Ата-аналар! Сендер балаларыңды еркелетіп, маңдайынан сипап, күнге, желге қақтырмай отырғанда, өздеріңдей адамдардың балалары сатылып... бір түйір тамаққа, бір жұтым сусынға зар болып, жылап отырғанын ойлаңдар!

Атқа мінген азамат! Сендерге ел керек болса, жұрт керек болса, басшылық қылып, алашты аман сақтау қамына кірісіндер!

-Намыстан Алаш!

-Жігерлен Алаш!

-Тас бауыр болма, Алаш!» [9, 108 б.]. Ұрпақ барлық кезде де осы ұғыммен өмір сүруі тиіс деп есептейміз. Себебі қазақта жиі айтылатын сөздің бірі адамның күні адаммен келетіні. Соның ішінде ел қиналып жатқанда бір-біріне қол үшін беру, бірін-бірі қамқорлау қадір-қасиетін жоғалтпайтын істің бірі.

Интеллигенция ұғымының соңғы ғасырларда зерттелуі себебі, философия мен тарихтың тәжірибесін қоғамына түсіндіретін адамдар қажет болды. Ойшылдар заманында халық олармен тікелей қарым-қатынаста болса техника, ғылымның дамуы қоғамның мәдениетін де өзгерте бастайды. Бәрімізге белгілі нәрсе болмыс өзгерсе, мінез де өзгереді. Мінездің өзгерісі рухани әлсіздіктен шығады. Екінші мәселе бір аймақта басталған даму әлемде әр түрлі деңгейдегі әлеуметтік қалыптасуды туғызады. Сол себептен заман көшіне ілесетін ел жаңа нәрселерді білуі, иеленіп отыруы тиіс. Бұған мұрындық болатын интеллектуалдар екендігі анық.

Дүниені танудың өзі шексіз. Әлемді тану мен оның құрылымын, даму заңдылықтарын зерделеуде ойшыл адамдардың өз ұғымын ұсынып отыратыны белгілі. Ойшыл адамдар ұсынған ұғымдар табиғатта әуелден бар. Философтың даналығының мәні сол, дүниетанымдық негізде жалпыға ортақ ұғымды адамзатқа түсіндіреді. Былайша айтқанда адамның рухани өміріне жақындатады. Мәселен жан, рух, сана, ақыл-ой ұғымдарын алып қарайық, бұлар философиялық негізде зерделенбесе адам баласы жер бетінде өзінің өркеніеттілігін құра алмас еді. Тіршіліктің мәні мен түрлерін білу, ұғыну

арқылы адам бар қасиетті күшейтіп отырған. Мәселен жан бұл тіршілік атаулыға тән, ортақ ұғым. Адам жанының ерекшелігі оның болмысын кемел парасат биігіне көтеруінде. Адам өзін-өзі кемелдендіру үшін жанның қасиеті мен өнімін білуі тиіс. Ұлт, халық та солай, рухани әлем игіліктері арқылы кемелденіп отырады. Рухани әлеміне қажет игілік рухани өмірге де қызмет ете алады.

Қазақ халқының ұлттық идеясында елдің және оның зиялыларының тағдыры арқылы көрініп отыратын философияның да ерекшеліктері аз емес. Нағыз зиялы адамдардың елдің тағдырымен байланысты өмірі философиялық мәселелерді туғызып отырғандығын көреміз. Бұл жерде барлығын да қажет етіп отырған сол кездегі елдің жағдайы, ұлттың болашақ тағдырына қатысты туындап отырған мәселелер болды. Отырықшы елдерге қарағанда көшпелі тұрмыстағы елдердің тағдырының, өмірінің күрделі болып келетіндігі ертеден белгілі. Былай қарағанда көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықтарда бәрі елеусіз болып көрінгенімен, өмірдің өзі ерік-жігерді ұрпақтан көп талап ететінін байқауға болады. Тарихи өмірге дайын болу үшін ұлттық сана, әсіресе оның барлық негіздері түгел әрі терең болуы тиіс. Бұндай қоғамда ұлт зиялыларының арғы жағында халықтың өзі тұрады. Елдің өз билігі өзінде болған кезде болашаққа күні бұрын қамданудың өзі қазақ мәдениетіндегі тұлғалар дәстүрін салмақтай түсері сөзсіз. Осы себептен де болар, қазақ жыраулары ақыл мен мінез мәселесіне үнемі көңіл бөліп отырған. Ал отаршылдық заманда бұл мәселені зерделеуде ұлт зиялыларының жаңа буыны қоғам алдына шықты. Сол себептен алаш зиялыларының идеяларына, бүгінгі біздің қолымызға түсіп отырған рухани мұраларын тарихтан, тарихтағы қазақ идеясынан бөліп қарау мүмкін емес. Қазақ идеясы ұлт еркіндігін қорғауға негізделген, ұлттық қалыпта өмір сүрудің тарихи зерде биігінде қалған формуласы болса, «Оян, Қазақ!» идеясының негізінде де осы ұстаным, көзқарас бар. Ұлт мәселесін көтеріп, оны шешудің жолдарын көрсеткен бұл еңбекті ұрпақ құнды дүние ретінде қабылдайды, солай болуы тиіс.

Рухани сергектік, елдің өткенін ақыл биігінде оймен шолу, болашаққа ақыл көзімен, тәжірибе негізінен қарау елге үлкен пайда әке-леді. Адам баласы үшін жастық кез үлкен мүмкіндік, жастар ұлттың болашағы, оның ерік-жігері, білімі, тәрбиесі ұлттың болашағын айқындаушы күш екендігі даусыз. Бұны әуелі қоғам, ата-ана, ұстаздар түсінуі керек. Егер ұрпаққа дұрыс тәрбие, дұрыс бағыт көрсетілсе көптеген нәрсенің игілікке айналуына қоғам себепкер болар еді. Сол себептен алаш зиялысы рухани сергектікті қоғамның өзіндік санасының бір белгісі деп қараған. Оның «Оян, қазақ!» деген ұғымының мағынасы осында. Ұлт ісіне сергек, уақыт жағдайындағы орын алып отырған мәселелерге қырағы болуды адамнан да, қоғамнан да уақыттың талап ететінін айтып кеткен.

Алаш зиялысы Міржақып Дулатұлының рухани мұраларын, әсіресе оның «Оян, қазақ» шығармасының философиялық мәнін бір мақала көлемінде толықтай айтып шығу мүмкін емес. Бұлар нағыз талант иелері, талантымен қоса білімі терең, тәрбиесі күшті адамдар болған. Бұндай кісілігі мол, алған білімі мен қабілетін шырдау арқылы жан-жақты болған адамдарды бір жұмыс көлемінде, аз уақыт ішінде зерттеп шығу мүмкін емес. Бұндай ұлт зиялыларының мұраларынан кейінгі ұрпақ өз уақытында (қоғамының тұсында) орын алып отырған ұлтқа, елге, соның ішінде ұлт болашағына қатысты мәселелерге орай керегін алып отырады. Алаш зиялылары сияқты тума талант иелерінің тұлғасына тән қасиет осылай ерекшеленеді. Сондықтан да алаш зиялыларының феномені дегенде олардың идеялары, философиялық көзқарастары, шығармалары мен қызметтері ғана емес, тектілігі де көзге түсіп отырады. Осындай түрлі деңгейдегі қасиеттер арқылы, өзінің ішкі мәнін айқындап отыратын зиялылықтың өзі арнайы зерттеуді қажет ететіндігі даусыз.

Елімізде алаш зиялыларының рухани мұрасын зерттеу тәуелсіздік алған уақыттан бері жүзеге асып келеді. Тарих, әдебиет саласында ғана емес, философия, мәдениеттану бағытында да іргелі зерттеулердің қолға алынғаны белгілі. Сондай отандық философ ғалымдарымыз шығарған ғылыми еңбектің бірі «XX ғасырдағы қазақ философиясы». Қазақстандағы Философия, саясаттану және дінтану институты ғалымдары жазған бұл еңбекте алаш зиялыларының рухани мұраларына, қоғамдық саяси қызметтеріне және ұлттық мүдде тұрғысындағы әлеуметтік философиялық идеяларына жан-жақты талдау жасалған. Бұны айтып отырған себебіміз сол кездегі қазақ зиялылары ұлт ісіне шынымен де үлкен дайындықпен келген болатын. Сондықтанда олардың әлеуметтік философиялық идеяларына, қоғамдық-саяси қызметтеріне философиялық негізде көңіл бөлу ел болашағына қатысты мәселелерді жан-жақты әрі дұрыс саралауға көмектесетіні даусыз.

Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» идеясының тарихи және философиялық мәні ұрпаққа ортақ қасиеттерді де зерттеуді жүктейді. Біріншіден идея мен рухани мұраның философиялық мәнге ие болу себебі алдымен тұлғаның даналығында. Екіншіден терең білімінде, ойлау мәдениетінде. Үшіншіден ұлтқа, елдің мүддесіне тиесілі мәселені дұрыс зерделе, оған қажет тәсілді халыққа үйретіп отыруында. Соның ішінде ең маңыздысы ұлттық рухты, ұлттың болмысын қорғап, оған үнемі қызмет ететін деңгейді сақтап немесе қорғап отыруында. Оның мұраларындағы тарихи шындық, әлеуметтік философиялық мәселелер, идеялар өзінің терең мәні (тәжірибе) арқылы жойылмайды және ұлт болашағына тікелей қатысы бар ірі бастамалардың дүниеге келуіне қызмет етіп

отыратындығы анық. Бірақ өкінішке орай өзінің тарихында болашаққа қызмет ететін даналық, даналық иелері өмір сүргенімен, олардан тағылымы мол дүниелер қалса да ұрпақ бұны кеш байқап жатады. Әсіресе қазіргі ақпараттық технология үстемдік құрған дәуірде бұл анық байқалуда. Алаш зиялылары да жас болды, бірақ олар қиындыққа қарамастан ұлттың жаңа буын өкілі ретінде тарих пен болашақты жалғайтын қандай істерді атқарды? Бүгінгі ұрпақ осы сауалға терең мән берсе дейміз.

Қоғам дамиды, тұрмыс өзгереді, бірақ сол тұрмыстың өзгерісіне қарап адам қай жағынан өзгеруі тиіс? Ірі философтар жазғандай адам небір құралды жасап, әлеуметтік өмірін өзгерткенімен оның кісілігін, адами болмысын сақтап отыратын құндылықтар өзгермейді. Рухани қасиет, соның ішінде таным, ойлау мәдениеті адам игіліктерінің негізгі рухани қазығы ретінде қала бермек. Әрбір халық тарихындағы осындай рухани қазықтан қол үзсе ел, ұлт, өркениетті мемлекет ретінде өмір сүруі былай тұрсын қарапайым адам ретінде өмір сүруден қалады. Алаш зиялыларының «Оян, қазақ!» сынды рухани тағылымы мол шығармаларды жазып қалдырудағы мақсаты да сол еді. Әлемдегі орын алып отырған өзгеріс барлық адамзатқа әсер етпей қоймайды, жаңа уақыттың жаңа нәрсесін иелену үшін де оған көзқарас, мінез дұрыс болу керек. Ал өркениеттің жаңа нәрсесін дұрыс біліп, дұрыс өмірге бағыттайтын идея бұл өнер, білім, мәдениет туралы ортақ түсінікке негізделген сананың болуы. Алаш зиялылары жазған шығармалар өркениетті сананы қалыптастыруға негізделгендігін ескеру қажет. Ал ұлт мәселесінің үлкен бір бөлігі қашанда ұлтты, әсіресе оның мемлекетін өркениетке жеткізуге жолында туған өркениеттілік сана болғандығы анық. Біздің ойымызша ұлт осындай біртуар талант иелерін қоғам алдына шығарып, тарихта қалдыру арқылы тарих пен мәдениеттің субъектісіне айналады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ. – Алматы: Білім, 1994. – 176 б.
- 2 Көпейұлы М. Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.
- 3 «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
- 4 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 3-т. – Алматы: Мектеп, 2013. – 400 б.
- 5 Дулатұлы М. Алашым, ардағым! – Алматы: «Олжас кітапханасы» Баспа үйі, 2012. – 183 б.
- 6 Диоген Лэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. – Москва: Мысль, 1979. – 620 с.
- 7 Байтұрсынұлы А. Жан сөзімді кім түсінер? – Алматы: Қазақстан, 1994. – 110 б.
- 8 Ысқақұлы Д. А. Байтұрсынов: «Ел бүгінгіш менікі ертеңгі үшін» // Егемен Қазақстан. – 2003. – № 19. – 3 б.
- 9 Мадияр. Алашқа // Жұлдыз. – 1991. – № 6. – 108–109 б.

Tranliteration

- 1 Qazaq [Kazakh]. – Almaty: Bilim, 1994. – 176 s. (in Kaz).
- 2 Kopeiuly M. Zh. Qazaq shezhiresi [Kazakh Genealogy]. – Almaty: Zhaly, 1993. – 76 s. (in Kaz).
- 3 «Qazaq» gazeti / Bas redaktor A. Nysanbaev. [The Newspaper "Qazaq"]. – Almaty: «Qazaq entsiklopediasy» Bas redaktsiasy, 1998. – 560 s. (in Kaz).
- 4 Dulatuly M. Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. 3-t. [Collected Works in Six Volumes. Vol. 3]. – Almaty: Mektep, 2013. – 400 s. (in Kaz).
- 5 Dulatuly M. Alashym, ardagym! [My Alash, My Treasure!]. – Almaty: «Olzhas kitapkhanasy» Baspa uii, 2012. – 183 s. (in Kaz).
- 6 Diogen Laertsii. O zhizni, ucheniakh i izrecheniakh znamenitikh filosofov [Lives and Opinions of Eminent Philosophers]. – Moskva: Mysl, 1979. – 620 s. (in Russ).
- 7 Baitursynuly A. Zhan sozimdi kim tusiner? [Who Will Understand the Words of My Soul?]. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 110 s. (in Kaz).
- 8 Ysqaquly D. A. Baitursynov: «El buginshil meniki ertengi ushin» [Baitursynov: "The Nation Lives for Today, Mine is for Tomorrow"] // Egemen Qazaqstan. – 2003. – No. 19. – P. 3. (in Kaz).
- 9 Madiyar. Alashqa [To Alash] // Zhuldyz. – 1991. – No. 6. – Pp. 108–109. (in Kaz).

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Үмбетқан Қуандықұлы Сарсембин

кафедра меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, email: Sarsembin82@bk.ru, ORCID ID 0009-0004-1478-3824

Қарлығаш Бақтиярқызы Ахметова

аға оқытушы. С. Бәйшев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе, Қазақстан, email: akhmetova.k77@mail.ru, ORCID ID 0009-0008-7760-1118

Үмбетқан Қуандықович Сарсембин

заведующий кафедрой, кандидат философских наук, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан, email: Sarsembin82@bk.ru, ORCID ID 0009-0004-1478-3824

Карлығаш Бахтияровна Ахметова

старший преподаватель. Актюбинский университет им. С. Баишева, Актобе, Казахстан, email: akhmetova.k77@mail.ru, ORCID ID 0009-0008-7760-1118

Umbetkan Sarsembin

Head of the Department, Candidate of Philosophical Sciences, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, email: Sarsembin82@bk.ru, ORCID ID 0009-0004-1478-3824

Karlygash Akhmetova

Senior lecturer. Aktobe University named after S. Baishew, Aktobe, Kazakhstan, email: akhmetova.k77@mail.ru, ORCID ID 0009-0008-7760-1118